

Мазмұны	
Жалпы ережесі.....	2
Айрықша жағдайлар .....	2
Мектепке қабылдау ережесіне өзгеріс енгізу .....	3
Мектепке алу және оқуға қабылдау.....	3
Жас ерекшеліктеріне қойылатын талаптар.....	3
Қабылдау тәртібі.....	3
Тестілеу.....	4
Балалар бақшасы.....	4
Бастауыш мектеп.....	4
Мектепалды.....	4
1-2 сыныптар.....	4
3-5 сыныптар.....	5
Орта мектеп.....	5
Күту қағазы.....	5
Бейімделу кезеңі.....	5
Сынақ мерзімі.....	5
Оқушыларға арналған арнайы бағдарлама.....	6
Мектепке қабылдау процесіне тартылған тұлғалардың міндеттері.....	6
Офис менеджер.....	6
Бастауыш/орта мектептің директоры немесе орынбасары.....	6
Мектеп директоры.....	7
Психолог.....	7
Мектеп дәрігері.....	7
Кадрлар бойынша инспектор.....	7
Сынып жетекшісі.....	7
Ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар.....	7
1-ші қосымша. Студент туралы ақпарат .....	8
2-ші қосымша Қорытындылар Тестілеу.....	8
3-ші қосымша Мектеп құжаттарымен таныстыру Үлгісі.....	8
4-ші қосымша Студенттің денсаулық картасы.....	8
5-ші қосымша тәрбиелеу/оқытуға жасалған келісім және оқытуға қойылған тарифтер.....	8

Reviewed: March 2007

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ., Code # 8.1011 МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Әзірленген: Сәуір 2005 2

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қабылдау саясаты Халықаралық «Мирас» мектебіне оқуға түсу тәртібін белгілейді. «Мирас» мектебіне оқу бағдарламасына жарамды, оны қабылдай алатын оқушылар қабылданады. Оқуға қабылдау келесілердің негізінде жүзеге асырылады:

- түсу тестілеуінің нәтижелері;
- алдыңғы оқу орнындағы оқу нәтижелері туралы ақпараттар;
- әңгімелесу қорытындылары;

Developed: April 2005

Reviewed: June 2007/ Nov 2008/Sep 2009

- мектеп психологтарының ұсыныстары (Мектеп алдыға және бірінші сыныпқа түсетін студенттер үшін міндетті);
- сыныптағы бос орынның болуы (сыныптағы студенттердің саны 20-дан аспауы керек).

Студенттер «Мирас» мектебінің нақты сыныбына жас ерекшелігіне және алдыңғы оқыған оқуына қарай оқуға қабылданады.

Бос орын болған жағдайда мектепке қабылдау ағымдағы оқу жылының 20 тамызынан 15-ші маусымына дейін жүзеге асырылады, мұнда студенттердің басым көпшілігі оқу жылы басталғанға дейін маусым мен тамыз айларында тестілеуден өткізіледі.

Оқуға түсу тестілеуінің қорытындылары бойынша бастауыш және орта мектеп директоры бағдарлама үйлестірушілерімен кафедра меңгерушілерінің келісім бойынша кандидатты мектепке қабылдау туралы шешімін қабылдайды. Аталған ұсыныстардың негізінде мектеп директоры ең соңғы болып табылатын шешімін қабылдайды.

Келесі жылы оқуын жалғастыра беретін «Мирас» мектебінің студенттері үшін оның мектепте оқуын жалғастыратынын растау үшін 20-шы мамырға дейін алдын ала төлемақысын (депозит) төлеуі керек.

#### Айрықша жағдайлар

Тестілеуден жақсы өту және бос орынның болған жағдайда оқуға қабылдану құқығы басым болатындар:

- оқушының ата-анасы келісімге сәйкес Қор мектептерінің мұғалімдері болса;
- Нұрсұлтан Назарбаев Білім Қоры мектептерінің студенттері (тек ағылшын тілі бойынша тестіленеді);
- Нұрсұлтан Назарбаев Білім Қорымен **аффилиирленген** ұйым қызметкерлерінің балалары;
- Алматы қ. «Мирас» мектебінде отбасынан екі және одан да көп балалары оқып жатқан отбасынан шыққан оқушылар.

Басым құқықпен оқуға қабылдау туралы шешімді мектеп директоры қабылдайды.

Кейбір сыныптарға қабылдау келесі шарттар бойынша шектеулі:

- Орыс тілді Бағдарлама бойынша 9-шы сыныпқа тек қана қазақстандық стандарттар бойынша негізгі мектеп курсына жақсы аяқтаған оқушылар ғана қабылданады.
- Орыс тілді Бағдарлама бойынша 11-ші сыныпқа оқушылар 5-ші қыркүйекке дейін қабылданады.
- Дипломдық Бағдарлама бойынша 11-ші сыныпқа оқушылар 1-ші қазанға дейін қабылданады
- Дипломдық Бағдарлама бойынша 11-ші сыныпқа оқушылар қазанның басынан кейін «Мирас» мектебінде оқып үйренуге ұсынылатын пәндер бойынша және авторизацияланған мектеп бағдарламасының алдыңғы курсына жақсы өткен оқушылар қабылданады

Өңделген: Маусым 2007

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ., Code # 8.1011 МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Әзірленген: Сәуір 2005 3

Дипломдық Бағдарламаға.

МУР Сертификатын алу үшін 9-шы сыныпқа 1 қазанға дейін түсетін студенттер және 10 сыныпты бітіргенде халықаралық үлгідегі Үлгерім Тәбілін ала алмайды. Аталған студенттерге тек мектеп үлгісіндегі құжаттар ғана беріле алады.

Developed: April 2005

Reviewed: June 2007/ Nov 2008/Sep 2009

Қабылдау ережесіне Өзгерістер енгізу

Мектеп әкімшілігі ұсыныстары бойынша барлық өзгерістер Нұрсұлтан Назарбаев Білім Қоры Басқармасымен бекітіледі.

Аталған құжаттарды келесі мәрте қайта қарап шығу: ақпан 2008 жыл.

### ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

Жас ерекшелігіне қойылатын талаптар

Бала балалар бақшасының кіші тобына қабылдануы үшін 1-ші қарашаға дейін 3 жасқа толуы керек. Мектепке түсетін балаға қойылатын талап төменде кесте түрінде берілген. Сондай-ақ оқушылар келесі деңгейге оқуға қабылдануы үшін алдыңғы курсты аяқтауы тиіс. Оқушы оқу жылының екінші жартысында бір деңгейге төмен сыныпқа қабылдануы мүмкін, бұл әсіресе Оңтүстік жартышар елдері мектептерінде оқып келгендерге қатысты.

Оқушы бір деңгейге жоғары сыныпқа қабылдануы үшін аталған сыныптың бағдарламасы бойынша тестілеу кезінде жақсы білімін көрсетуі, стталған деңгейге сәйкес дамыған қатысымдық машықтарына иемденгендігін, қайшы келетін медициналық көрсеткіштерінің болмауын көрсете білуі шарт.

Жас ерекшеліктеріне «Мирас» мектебінде бекітілген сыныпқа қабылдау туралы шешім ережеден тыс ерекшелік болып табылады және мектеп директоры мектептің сәйкес бөлімшесінің директорымен келісе отырып қабылдайды.

#### Жас ерекшеліктері және сәйкес сынып

1-ші қарашадағы жас ерекшелігі	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
	Балалар бақшасы			Бастауыш мектеп	Орта мектеп										
Сынып	Орта	Ерте	Мектеп	1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	5-ші	6-шы	7-ші	8-ші	9-шы	10-шы	11-ші	12-ші
	р	р	ек	ш	ш	ш	ш	ш	ш	ш	ш	ш	ш	ш	ш
	т	е	те	і	сы	і	і	і	ы	і	і	ы	ы	ы	ы
	а	с	па	с	н	с	с	с	с	с	с	с	с	с	с
	с	е	лд	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы
	т	к	ы	н	п	н	н	н	н	н	н	н	н	н	н
	о	т	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы	ы
	п	о	ы	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п
	п	п	ы	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п	п

Қабылдау тәртібі

№	Әрекеттер тәртібі	Жауаптылар
1.	Ата-аналар мектеп туралы және оқу бағдарламалары туралы ақпаратпен танысады	Офис менеджер және бағдарлама үйлестірушісі
2.	Ата-аналар өздерінің мектепке келу сапарының күнін келістіреді	Офис менеджер
3.	Ата-аналар Ақпараттық Үлгіні (1-ші қосымша) толтырып, тестілеу күнін келістіреді	Офис менеджер

Өңделген: Маусым 2007

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ., Code # 8.1011 МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Әзірленген: Сәуір 2005 4

4.	Кандидаттың оқуға түсу тестілеуінен өтуі	Офис менеджер
5.	Тестілеу қорытындыларын және кандидаттың алдыңғы білімі туралы құжатын қарастыру	Мектеп директоры және оның орынбасары
6.	Кандидат пен ата-ана бастауыш/орта мектептің директорымен немесе оның орынбасарымен әңгімелесу өткізеді	Бастауыш/орта мектептің директоры және оның орынбасары
7.	Қажетті жағдайда кандидат психологпен әңгімелесу/тестілеуден өткізіледі	Мектептің психологиялық қызметі
8.	Мектеп директорының оқуға қабылдау туралы шешім қабылдауы. Сабақтың басталатын күнін келістіру (2-ші қосымша)	Мектеп директоры
9.	Шығарылған шешім туралы ата-аналар тестілеуден кейін 5 күн өткен соң ақпарат алады	Офис менеджер
10.	Ата-аналар негізгі ережелермен және мектептің негізгі құжаттармен танысып, сәйкес Үлгіге қол қояды (3-ші Қосымша). Ата-аналар Родители предоставляют все необходимые документы, включая информацию о здоровье ребенка (Қосымша 4). Родители подписывают Договор на обучение и оплачивают вступительный взнос (Қосымша 5)	Офис менеджер

Тестілеу

Developed: April 2005

Reviewed: June 2007/ Nov 2008/Sep 2009

#### Балалар бақшасы

- Барлық балалар қабылданар кезде психолог пен логопедпен әңгімелесуден өтеді
  - Балалар мен ата-аналары баланың балалар бақшасына келгендегі жасалатын жағдайларымен, шарттарымен танысу үшін балалар бақшасының әдіскерімен кездеседі
  - Мектеп директоры қабылдау туралы шешім қабылдайды
- Алғашқы күндері, бейімделу кезеңінде баланы топта жарты күнге қалдыруға болады

#### Бастауыш мектеп

##### Мектепалды

Барлық балалар қабылданар кезде негізгі пәндер бойынша тестілеуден, психолог пен логопедпен, бастауыш мектептің директоры/орынбасарымен болатын әңгімелесуден өтеді

#### 1-2-ші сыныптар

Оқушылар түсу тестілеуінен өтеді:

- математика бойынша ( «Мирас» мектебінде оқу жүргізілетін тілдердің бірінде: қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде)
- қазақ, орыс немесе ағылшын тілі бойынша (оқыту жүргізілетін тілге сәйкес)
- ағылшын тілі бойынша (ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын оқушылар үшін)
- психологпен әңгімелесу (бірінші сынып үшін)

Оқуға қабылдану үшін білім деңгейі 60%-дан кем болмайтындай көрсетілуі тиіс.  
Өңделген: Маусым 2007

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ., Code # 8.1011 МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ  
Әзірленген: Сәуір 2005 5

#### 3-5 сыныптар

Оқушылар түсу тестілеуінен өтеді:

- математика бойынша («Мирас» мектебінде оқу жүргізілетін тілдердің бірінде: қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде)
- қазақ және орыс тілі бойынша (Қазақстан және ТМД оқушылары үшін)
- ағылшын тілі бойынша (барлық түсушылер үшін)

Оқуға қабылдану үшін білім деңгейі, ағылшын тілін қоса алға отырып 60%-дан кем болмайтындай көрсетілуі тиіс.

#### Орта мектеп

Оқушылар түсу тестілеуінен өтеді:

- ағылшын тілі бойынша және ағылшын тіліндегі математика бойынша (ағылшын тіліндегі бағытта оқытатын)
- орыс тілі бойынша, орыс тіліндегі және ағылшын тіліндегі математика (орыс тіліндегі бағытта оқытатын)

Барлық оқушылар оқу жүргізілетін тілді бағдарлама бойынша білім ала алуға мүмкіндік беретін деңгейде меңгеруі тиіс. Түсу тестілеуі тілдерді білу деңгейін анықтауға бағытталған.

Оқуға қабылдану үшін тілдік тестілер бойынша білім деңгейі 60%-дан кем болмайтындай, математика бойынша—50%-дан кем болмайтын деңгей көрсетілуі тиіс

Тілдік тестілер бойынша 50% -дан 59% -ға дейін және математика бойынша 35-49% көрсеткен оқушылар әңгімелесудің қорытындысы бойынша мектепке сынақ мерзімімен мектепке қабылдана алады.

Ағылшын тілді сыныптарда студенттер ағылшын тілі сабағында деңгейлерге дифференцияланады.

Дипломдық Бағдарлама немесе «Мирас» мектебінің ағылшын тілінде оқытылатын Дипломы Бағдарламасының 11-ші сыныбына оқуға түсу үшін ағылшын тілінен, математика бойынша (қажеттілігіне қарай, орыс тілінен) түсу тестісін жақсы тапсыруы тиіс. Оқушыларға сондай-ақ өздері оқу үшін таңдап алған Дипломдық бағдарламаның барлық пәндері бойынша тесілер ұсынылуы мүмкін.

#### Күту парағы

Егер оқушы түсу тестілеуінен қажетті деңгейді көрсетсе, бірақ сыныпта оқуға қабылдау үшін бос орын болмаса, оқушы күту парағында қалуды жалғастырады. Орын беретін кезде тестілеу қорытындысы бір семестр барысында ескеріледі.

Тестілеу қорытындысы төмен көрсеткіштер көрсеткен жағдайда оқушы түсу тестілеуін тек екі айдан кейін ғана қайта өте алады.

Күту парағы ата-аналардың келістірілуі бойынша жыл сайын 5 қазандағы жағдайы бойынша жаңартылады.

#### Бейімделу кезеңі

Жаңа келген оқушыларға бейімделу кезеңін 4 апталық ұзақтықпен белгіленеді. Осы кезеңнің барысында сынып жетекшісі жаңа келген оқушының сыныптағы академиялық және әлеуметтік бейімделуі мониторингін жүргізеді, мектеп тарапынан студентке қажетті қолдау көрсетіледі.

#### Сынақ мерзімі

Түсу тестілеуі қорытындылары талаптарына сәл жетпей қалған жағдайда оқушылар мектепке сынақ мерзімімен қабылдана алады. Сынақ мерзімі барысында студентке ... берілуі мүмкін

Өңделген: Маусым 2007

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ., Code # 8.1011 МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Әзірленген: Сәуір 2005 6

Пәндер бойынша қосымша тапсырмалар, қосымша тестілер жүргізілуі мүмкін. Сынақ барысында ата-аналар өз баласының білім деңгейін мектеп стандарттағына сәйкес келетіндей деңгейге көтеретініне жауапкершілік атқарады.

Бұл кезеңде сынып жетекшісі студенттің академиялық та, әлеуметтік те өсуін бақылайды. Ай сайын студенттің өсіп келе жатқандығы туралы есеп ай сайын бастауыш мектептің директорына немесе орта мектеп студенттеріне тәрбие беру жөніндегі орынбасарына беріледі.

Developed: April 2005

Reviewed: June 2007/ Nov 2008/Sep 2009

Сынақ мерзімі түсу тестілеуіне қорытындыларына байланысты үш айға дейінгі мерзімге орнықтырылады. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін педагогикалық кеңес оқушыны оқуға қабылдау немесе оның сынақ мерзімін тағы да екі айға созу керектігін, немесе мектепке қабылдаудан бас тарту туралы ұсынысын қабылдайды. Педкеңестің ұсыныстар бойынша шешімін мектеп Директоры шығарады және ол ең шешуші, ең соңғысы болып табылады. Ата-аналарға шешім туралы хабарланады.

Оқушыларға арналған арнайы бағдарламалар

Мектеп білімінде, оқу дағдыларында айтарлықтай ақтаңдақтар бар оқушыларға арнайы бағдарламаларды қарастырмаған. Студенттерге, қажет болса, ақтаңдақтарды жоюға қысқа мерзімді қолдау көрсетіледі, бірақ оқуда қиындық көретін оқушыларға берілетін көмек шектеулі.

## МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІНЕ ТАРТЫЛҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Офис менеджер

- Ата-аналарға мектепке қабылдау тәртібі туралы ақпарат береді, студент туралы Ақпараттық Үлгінің толтырылуына жауап береді (1-ші қосымша)
- Мектептің ішіне саяхаттауды ұйымдастырады
- Егер қажет болса мектеп директорымен, орынбасарымен кездесуді жоспарлайды
- Бастауыш/орта мектеп директорымен, орынбасарымен тестілеу уақытын келістіреді және бұл жөнінде ата-аналарды ақпараттандырады
- Тестілеуге жоқ дегенде бір күн қалғанда түсу тестілерінің көшірмелерін дайындайды.
- Тестілеу кезінде студенттерді қажетті бақылау ісін ұйымдастырады.
- Талап етілетін құжаттарды ата-анадан алады (3-ші қосымшадағы тізімге сәйкес)
- тестілеу өткеннен кейін ата-аналары және бастауыш/орта мектеп директорымен кездесуді ұйымдастырады
- Сабаққа қабылдау мәселесі бойынша қабылданған шешімді ата-аналарға хабарлайды
- Оқуға қабылданған студенттердің ата-аналарымен келісімшартқа қол қойылуды ұйымдастырады
- Оқуға қабылданған кейін бір жұмыс күні барысында жаңа студент туралы ақпаратты мектептің дерекқорына енгізу
- Оқуға қабылданған кейін бір жұмыс күні барысында кадрлар инспекторы мен мектеп дәрігерін жаңа студент туралы ақпараттандырады

Бастауыш/орта мектеп директоры, орынбасары

- Егер керек болып жатса ата-аналармен мектеп бағдарламалары мен ережелері туралы ақпараттандыру мақсатында кездеседі
- Түсу тестілеуі қорытындыларын қарастырады
- Кандидат және оның ата-атансымен әңгімелесу жүргізеді
- Мектеп бағдарламасы бойынша кандидаттың табысты оқуы мүмкіндігін бағалайды
- Кандидатты мектепке қабылдау бойынша мектеп Директорына ұсыныстар береді
- Кандидат мектепке қабылданған жағдайда сабақтың басталуы күнін ұсынады

Өңделген: Маусым 2007

Developed: April 2005

Reviewed: June 2007/ Nov 2008 /Sep 2009

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ., Code # 8.1011 МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ  
Әзірленген: Сәуір 2005 7

- Сабақтың басталуынан бір күн бұрын жаңа келген студент туралы педагогқа ақпарат береді

Мектеп директоры

- Егер керек болып жатса ата-аналармен мектеп бағдарламалары мен ережелері туралы ақпараттандыру мақсатында кездеседі
- ең шешуші, ең соңғысы болып табылатын қабылдау туралы шешім қабылдайды

Психолог

- Әлеуметтік және жалпы оқу дағдыларының деңгейін бағалайды
- Бейімделу және сынақ мерзімі кезінде жаңа келген студенттермен мониторинг жүргізеді
- Айына бір рет бастауыш/орта мектеп директорына/орынбасарына немесе тәрбие ісі жөніндегі оқу меңгерушісіне жаңа келген студенттер туралы есеп береді

Мектеп дәрігері

- Офис менеджерден студенттің денсаулығы туралы құжатты алып, студенттің денсаулығы туралы ақпаратпен танысады
- Қажеттілігіне қарай студент денсаулығы жөнінде педагогтарға ұсыныстарын береді
- Студент денсаулығы жөнінде ақпараттарды қарастыру мәселесінде қажетті құпияны сақтайды

Кадрлар жөніндегі инспектор

- Студентті қабылдау туралы бұйрық дайындайды

Сынып жетекшісі

- Студент туралы ақпаратпен танысып, пән мұғалімдеріне қажетті ұсыныстарды береді
- Студентті алғашқы күні сабақтың басталмай тұрып күтіп алады
- Жаңа студентті сыныпқа таныстырады және оны мектеппен таныстырады
- Жаңа студентті ақпаратпен, қажетті ресурспен, атап айтқанда күнделік, локер, сабақ кестесі, т.б. қамтамасыз етеді
- Студентті мектептегі ережелер мен талаптармен таныстырады және оған Студенттер мен Ата-аналарға арналған басшылықтың көшірмесін береді. Ата-аналармен кездесіп, олардың мектептегі оқу-тәрбие процесіндегі рөлі туралы талқылау жүргізеді
- Студент мониторингін жүргізіп, оған бейімделу кезеңінде қолдау жасайды

Ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар

- Қабылдау Ережелерімен, оқу бағдарламаларымен, мектептің басқа да ережелері мен талаптарымен танысады
- Қабылдау туралы өтінішті толтырып, студент туралы қажетті ақпаратты береді

Developed: April 2005

Reviewed: June 2007/ Nov 2008/Sep 2009



- Тестілеу күнін офис менеджермен келістіріп, баланың тестілеуге дер кезінде келіп қатысуын қамтамасыз етеді
- Баланы оқуға қабылдаған жағдайда оның денсаулығы туралы өте дәл ақпаратты әкеліп беруді қамтамасыз етеді және қажетті құжатты береді
- Тәрбиелеу/оқыту келісімшартына қол қояды
- Түсу жарнасын және келісімшартқа сәйкес оқуға төленетін соманы төлейді
- Сынақ мерзіміне қабылданған студенттерге қажетті қолдау көрсетеді

Өңделген: Маусым 2007

Халықаралық «Мирас» мектебі, Алматы қ., Code # 8.1011 МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Әзірленген: Сәуір 2005 8

1-ші Қосымша Студент туралы ақпарат

2-ші Қосымша Тестілеу қорытындылары

3-ші Қосымша Мектеп Құжаттарымен Танысу Үлгісі

4-ші Қосымша Студент денсаулығы картасы

Бала денсаулығы туралы жазбалардың соңғы 12 айдағысы мен егу картасы қоса беріледі

5-ші Қосымша Тәрбиелеу/оқыту келісімшарты және оқуға қойылған тарифтер

Мектепке қабылдауға өтініш білдіруге келген кезде ата-аналардың әкелетін құжаттары: Алдыңғы жылдардағы оқуы туралы ақпарат (тәбілдер, емтихан қорытындылары, сертификаттар, мінездеме және ұсыныстар)

Студенттің екі фотосуреті ( төлқұжатқа түсетін өлшем)

Баланың төлқұжаты немесе оның тууы туралы куәлігінің көшірмесі

Ата-ананың төлқұжатының көшірмесі

Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін түсу жарнасы және келісімшартқа сәйкес оқудың төлемақысы төленген түбіртектің көшірмесі беру

Өңделген: Маусым 2007